**Түркістан облысы**
**Келес ауданы**
**Г.Мұратбаев ауылы**
**«А.Жан-Нұр» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

«Бекітемін»
«А.Жан-Нұр» бөбекжай балабақшасы ЖШС
меңгерушісі:Абдуллаева А.Т

# Өзін-өзі бағалау құрылымы

Келес -2026 жыл

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ. КЕЛЕС АУДАНЫ. Ғ.МҰРАТБАЕВ АУЫЛЫ**
**«А.ЖАН-НҰР» БӨБЕКЖАЙ-**
**БАЛАБАҚШАСЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

# Б Ұ Й Р Ы Қ

**20.09.2026 ж.** **№ 06**

**Балабақшаның білім беру қызметін**
**өзін-өзі бағалау комиссиясын**
**бекіту және өткізу туралы**

Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 04 ақпандағы № 160 бұйрығы және 2026 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесіне сәйкес

## Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

1. Түркістан облысы. Келес ауданы, Ғ.Мұратбаев ауылы «А.Жан-Нұр» бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2026 жылы тамыз айының 20-23 жұлдызы аралығында балабақша ішілік өзін-өзі бағалаудан өткізілсін.
2. Балабақша қызметінің тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес 2026 жылы мемлекеттік аттестаттауды өткізуге байланысты өзін-өзі бағалау мақсатында комиссия құрамы бекітілсін:
   2.1. Комиссия төрайымы: балабақша меңгерушісі – А.Абдуллаева;
   2.2. Комиссия мүшелері: балабақша әдіскері – А.Усенова;
   2.3. Балабақша тәрбиешісі – Г. Мамаханова
   2.4. Балабақша тәрбиешісі – З. Сахова
   2.5. Балабақша тәрбиешісі – Н.Уразалиева
3. Балабақшаның өзін-өзі бағалау құжаттары әзірленсін.
4. Құжаттарды әзірлеу жауапкершілігі балабақша әдіскері А.Усеноваға жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Балабақша меңгерушісі:** **А.Абдуллаева**

Таныстым: _____ Г.Мамаханова
Таныстым: _____ З.Сахова
Таныстым: _____ Н.Уразалиева

**Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Келес ауданы, Мырзакент кенті «А.ЖАН-НҰР» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңына және Түркістан облысының білім саласына сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылғы 04 ақпандағы №160 бұйрығы бойынша 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес өзін – өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін мынадай құрамда балабақшаны өзін – өзі бағалау аттестаттау комиссиясы 2026 жылдың 10 тамызындағы № 06 бұйрығымен құрылды.

1. А.Абдуллаева – балабақша меңгерушісі комиссия төрайымы
2. А.Усенова - балабақша әдіскері , комиссия мүшесі
3. Г. Мамаханова – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі
4. З. Сахова – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі
5. Н.Уразалиева – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі

Өзін – өзі бағалау іс – жоспары түзілді және соған сәйкес жұмыстар жүргізілді. Бағаланатын кезеңдерге сәйкес талдау жасалатын құжаттар жинақталған.

Сайттағы өзін өзі бағалау құжаттар мазмұнын көру үшін ол жерге төмендегі құпия сөз енгізу қажет болады:

**Паролі: 2612345**

Бұл құпия сөз КР Конституциясына және басқа ҚР заңдары талаптарына сәйкес Дербес деректердің қорғалуы үшін қойылған!

«А.Жан-Нұр» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ағымдағы жылды және алдыңғы екі жылдың оқу – процесін зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау қорытындысын ұсынады.

«А.Жан-Нұр» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі туралы ақпараттық анықтама

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Мектепке дейінгі ұйымның атауы | Келес ауданының «А.Жан-Нұр» бөбекжай – балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі |
| 2 | Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен – жайы және нақты орналасқан жерінің мекен – жайы) | Түркістан облысы ,Келес ауданы, Ғ.Мұратбаев ауылы,Береке көшесі №110 а |
| 3 | Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web сайт) | Ұялы телефон:87778262112<br>Электрон поштасы:A.jan-nur@mail.ru<br>Web сайт. https://a-jan-nur-bb.edu.kz/ |
| 4 | Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшысының Т.А.Ә лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі | Абдуллаева Азиза Тойлыбекқызы Келес аудандық ЖШС «А.Жан-Нұр» б/б құрылтайшысының 2023 жылғы 9ақпан № 1 бұйрықпен меңгеруші болып тағайындалған. |
| 5 | Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/ куәліктің көшірмесі қоса беріледі) | Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды тұлғаның қайта мемлекеттік тіркеуден 05.09.2019ж өткен. БСН 190940005723 |
| 6 | Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон) | KZ08RVK00025272 хабарлама 17.11.2020ж |
| 7 | Құрылған жылы | 2019жыл |
| 8 | Типтік ғимарат | бір қабатты ыңғайластырылған |
| 9 | Топтар саны | 4 топ |
| 10 | Балаларды оқыту тілі | Қазақ тілі |
| 11 | Жұмыс аптасының ұзақтығы | 5 күндік |
| 12 | Ауысым саны | Тәрбиешілер:I ауысым |
| 13 | Жасына қарай топтар бойынша ұйымдастырылған іс – әрекетінің ұзақтығы - минутпен | Жас ерекшеліктері:<br>5жас-МАД тобы,25-30 минут<br>4 жас - ересек топ, 20-25 минут<br>3 жас -ортаңғы топ, 15-20 минут<br>2 жас – кіші топ, 10-15 минут |
| 14 | МҰД – ның жобалық әлеуеті | Балабақша орны 95 балаға арналған.<br>13.03.2026 жылы №KZ75VWF00529107 санитарлық эпидемиологиялық қорытынды берілген. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Құжаттар көшірмесі қоса жолданды. |

Балабақша ғимараты 1 қабатты типтік жобада ыңғайластырылған. Балабақша 95 орындық, 4 топ жұмыс жасайды. «Балдырған» Кіші топ 2 жас, «Құралай» ортаңғы топ 3 жас, «Балапан» ересектоп 4 жас, «Ботақан» МАД тобы. Әр топ жас ерекшеліктеріне қарай топтастырылған. Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, сағат 8:00- бастап 18:30 сағатқа дейін. Тәрбиеленушілер мемлекеттік тілде тәрбиеленуде. Балабақшада 4 топта ойын бөлмелері, жатын бөлмелері, жуынып – шайынатын бөлмелері бар. Бұдан басқа мед кабинет, акт залы, асхана, қойма, әдістемелік кабинеті бар. Материалдық – техникалық базасы стандартқа сай жабдықталған. Жылу жүйесі, кәріз жүйелері кіргізілген. Су , электр жүйесі орталықтандырылған. Балабақша өрт – дабыл түймешесінің автоматты хабарлау жүйесі және бейнебақылау камераларымен жабдықталған. Балабақшада медициналық кабинеті жұмыс жасайды. Медициналық кабинетте емшара бөлмесі, оқшаулау бөлмесі, санитарлық қағидаларға 12 қосымшаға сәйкес құрал- сайман жабдықтарымен жабдықталған. Балабақша ауласы көгалдандырылған, жеміс ағаштары егілген. Ауладағы ойын алаңы өз дәрежесінде жабдықталған.Жеке топтарға арналған ойын алаңдары, бөлек қоршаулармен бөлінген. Балалардың денсаулығын нығайтатын ойын құралдарымен жабдықталған.

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
1- қосымшасы

**«А.Жан-Нұр» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігіоқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру қызметін бағалауға арналған өлшемшарттары**

| № | Бағалау өлшемшарттары | Өлшеуіштер | Балдары |
|---|---|---|---|
| 1 | Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі | 100% | 5 |
| | | 95-99% | |
| | | 80-94% | |
| | | 80% - дан төмен | |
| 2 | Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/ растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі | 100% | |
| | | 95-99% | |
| | | 80-94% | 3 |
| | | 80% - дан төмен | |
| 3 | Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтар үлесі | 100% | 5 |
| | | 95-99% | |
| | | 80-94% | |
| | | 80% - дан төмен | |
| 4 | Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіміндегі № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтарымен және жиһазбен жарықтандырлуы | 100% | 5 |
| | | 95-99% | |
| | | 80-94% | |
| | | 80% - дан төмен | |
| 5 | Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау | 100% | 4 |
| | | 95-99% | |
| | | 80-94% | |
| | | 80% - дан төмен | |
| 6 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу – | 100% | 5 |
| | | 95-99% | |
| | | 80-94% | |
| | | 80% - дан төмен | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету. | 80% - дан төмен | |
| 7 | Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде) | 100% | |
| | | 95-99% | 4 |
| | | 80-94% | |
| | | 80% - дан төмен | |
| 8 | Ата – аналардың сауалнама нәтижелерін талдау | 80%- дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған. | 5 |
| | | 65%- дан 79%- ға дейін респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған | |
| | | 50% - дан 64%- ға дейінгі респондеттер тәрбиленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған. | |
| | | 50% - дан кем респондеттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған. | |
| 9 | Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау | 80%- дан 100% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған. | 5 |
| | | 65%- дан 79%- ға дейін респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған | |
| | | 50% - дан 64%- ға дейінгі респондеттер тәрбиленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 50% - дан кем респондеттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған. | |

**Балабақша меңгерушісі** **Абдуллаева А.Т**

## Кадрлық құрамға талдау.

Кадрлық құрамды бекіту- «А.Жан-Нұр» бөбекжайбалабақшасының жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен балабақша Жарғысына сәйкес педагогикалық ұжым мен білім ұйымдастыру басшысымен қалыптастырылады. Педагогикалық кадрларға қабылдау басқарушы мен педагогикалық жұмысшы арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. 2026-2027 оқу жылында 7 педагог жұмыс атқарады:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» жоғары білімді 7 педагог

Меңгеруші:А.Абдуллаева

Басшы – (үшінші басшылық санатқа тест тапсырылды сайтқа құжаттар жүктелді) 7 тәрбиеші «педогог-модератор»санатын алды.

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 27.01.2016 жылғы № 83 бұйрығы 16,17 тармақтарына сәйкес педагогтердің біліктілігін бағалауды жүргізу бойынша іс –құжаттарын электронды портфолиода тапсырып , «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда №20619 тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканы сақтау мәселесі бойынша біліктілік санаттарын алуға 2026 жылдың қыркүйек айында 7 педагог «педагог- модератор» біліктілік санатына өтуге өтініш білдіріп, «Ұстаз» платформасынасана құжаттарын жүктеді..

Балабақшаның сапалық тізімі ұсынылған дипломының көшірмелерінен қарастырылды. Қорыта айтқанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бар падагогтердің үлесі 90% құрайды.

**1.Абдуллаева Азиза Тойлыбекқызы**– Білімі жоғары, Қарағанды шет тілдер колледжі -Екі шет тілі.Бакалавр- «Екі шет тілі» мамандығы,ҚазНПУ-Алматы. «Даму» оқу –әдістемелік орталығы- «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» біліктілігі. 2023 жыл ақпаннан «А.Жан-Нұр» бөбекжай балабақшасында Меңгеруші болып бұйрықпен тағайындалды

**2.Усенова Асем Турганбековна** - Білімі жоғары, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті(Алматы)- «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы. «Даму»оқу-өндірістік орталығы «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» біліктілігін 2019жылы 30 желтоқсанда алды.. «А.Жан-Нұр» бөбекжай-балабақшасына 2020 жыл 24 қаңтарынан бастап тәрбиеші болып бұйрықпен жұмыс істеп келеді. 2026 оқу жылының қыркүйек айынан бастап пилоттық жобамен «USTAZ»платформасына құжатар жүктелді,сол бойынша платформадан шешім шығаруын күтудеміз.

**3.Ақжігіт Гулмира Мусабекқызы**– Білімі жоғары, 1994 жылы Алматы қаласы Қыздар ұлттық университетінің «мектепке дейінгі педагогика психология».Қыркүйектің 21,2020 жылдан бастап«А.Жан-Нұр» бөбекжай-балабақшасында педагог-психолог болып жұмыс істейді. 2026 оқу жылының

қыркүйек айынан бастап пилоттық жобамен «USTAZ»платформасына құжатар жүктелді,сол бойынша платформадан шешім шығаруын күтудеміз.

**4.Мамаханова Гулжамила Қадиркуловна** – Білімі жоғары, «Сырдария атындағы университеті» еңбек пәні мұғалімі» мамандығын 2015 жылы бітірген.2019 жылы «Даму» жеке тұлғаны дамыту орталығын аяқтап «Мектепке дейінгі ұйымардың тәрбиешісі» біліктілігі берілді. «А.Жан-Нұр» бөбекжай-балабақшасында 2020 жылдан 24 қаңтарынан бастап тәрбиеші қызметін атқарады. 2026 оқу жылының қыркүйек айынан бастап пилоттық жобамен «USTAZ»платформасына құжатар жүктелді,сол бойынша платформадан шешім шығаруын күтудеміз.

**5.Сахова Зухра Куанышовна** - Білімі жоғары, «Сырдария атындағы университеті» биология пәні мұғалімі» мамандығын 2009 жылы бітірген.2025жылы «Маман » оқу-өндрістік орталығын аяқтап «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» біліктілігі берілді. «А.Жан-Нұр» бөбекжай-балабақшасында 2020 жылдан 24 қаңтарынан бастап тәрбиеші қызметін атқарады. 2026 оқу жылының қыркүйек айынан бастап пилоттық жобамен «USTAZ»платформасына құжатар жүктелді,сол бойынша платформадан шешім шығаруын күтудеміз.

**6.Сейтова Алма Абуталиповна-** Білімі жоғары, «Академик Ә.Қуатбеков атындағы халық достығы университеті» «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығын 2022 жылы бітірген.2025жылы «Маман » оқу-өндрістік орталығын аяқтап «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» біліктілігі берілді. «А.Жан-Нұр» бөбекжай-балабақшасында 2022 жылдан 22 Маусымнан бастап тәрбиеші қызметін атқарады2026 оқу жылының қыркүйек айынан бастап пилоттық жобамен «USTAZ»платформасына құжатар жүктелді,сол бойынша платформадан шешім шығаруын күтудеміз.

**7.Уразалиева Нагима Илесбековна-** Білімі жоғары, «Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» «Биология мамандығы бойынша Бакалавр дәрежесі берілді 2020 жыл.2023жылы «GLOBAL-2021 » оқу-өндрістік орталығын аяқтап « Тәрбиеші» мамандыға берілді. «А.Жан-Нұр» бөбекжай-балабақшасында 202 жылдан 12 қазаннан бастап тәрбиеші қызметін атқарады. 2026 оқу жылының қыркүйек айынан бастап пилоттық жобамен «USTAZ»платформасына құжатар жүктелді,сол бойынша платформадан шешім шығаруын күтудеміз.

**8.Таженова Атиркул Абдуллаевна-** Білімі орта,М.Х Дулати атындағы ТарМУ-нің көп салалы колледжін Бастауыш сыныптарды оқыту мамандығы бойынша 2007 жылы аяқтады.2025жылы «Маман » оқу-өндрістік орталығын аяқтап «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» біліктілігі берілді. «А.Жан-Нұр» бөбекжай-балабақшасында 2021 жылдан 18 қаңтарынан бастап тәрбиеші қызметін атқарады. 2026 оқу жылының қыркүйек айынан бастап пилоттық

жобамен «USTAZ»платформасына құжатар жүктелді,сол бойынша платформадан шешім шығаруын күтудеміз.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса берілді 2- қосымшада.)

Келес ауданы «А.Жан-Нұр» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің педагогтері мен қызметкерлерінің штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен басшылыққа алынып , белгіленген. Бөбекжай – бақша қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулары толық таныстырылып бекітілген. Әр қызметкерге өз жұмысына сай лауазымдық нұсқаулықтар таныстырылған. Бөбекжай – балабақша қызметкерлеріне жеке іс құжаттары жүргізілген. Онда қызметкерлердің жеке куәлік көшірмесі, аттестаттау парағы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен сертификаттарының көшірмелері, (жеке куәліктер, диплом, біліктілік курстар сертификаттар, көшірмесі қоса жолданды)

| **Барлық педагогтар саны** | **«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша** | **Бастауыш сыныпта оқыту мамандығы бойынша** | **Психолог** | **Музыка жетекшісі** |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Негізгі диплом бойынша - 75% | 2 | | |

**Педагогтардың біліктілік арттыру туралы мәліметі:**

| **Оқу жылдары** | **Барлық курстан өткен педагог саны** | **Оның ішінде «Өрлеу»** | **Оның ішінде ПШО** |
|---|---|---|---|
| 2024-2025 оқу жылы | | **7** | **1** |
| 2025-2026 оқу жылы | **7** | | |
| 2026-2027оқу жылы | | | |

**Тәрбиеленушілер контингенті**
**2024-2025 оқу жылында 3 топ жұмысы жасақталды.**

| **Р/с** | **Топ атауы** | **Жас ерекшелігі** | **Бала саны** |
|---|---|---|---|
| 1 | «Балапан» МАД топ | 5 жастан бастап | 25 |
| 2 | «Құралай» ересек топ | 4 жастан бастап | 25 |
| 3 | «Еркем-ай» ортаңғы топ | 3 жастан бастап | 25 |
| 4 | «Ботақан»кіші топ | 2 жастан бастап | 25 |
| | **Барлығы** | | **100** |

**Тәрбиеленушілер контингенті**
**2025-2026 оқу жылында 3 топ жұмысы жасақталды.**

| Р/с | Топ атауы | Жас ерекшелігі | Бала саны |
|---|---|---|---|
| 1 | «Еркем-ай» МАД топ | 5 жастан бастап | 25 |
| 2 | «Ботақан» ересек топ | 4 жастан бастап | 25 |
| 3 | «Балапан» ортаңғы топ | 3 жастан бастап | 25 |
| 4 | «Құралай»кіші топ | 2 жастан бастап | 20 |
| | **Барлығы** | | **95** |

**Тәрбиеленушілер контингенті**
**2026-2027 оқу жылында 3 топ жұмысы жасақталды.**

| Р/с | Топ атауы | Жас ерекшелігі | Бала саны |
|---|---|---|---|
| 1 | «Ботақан» МАД топ | 5 жастан бастап | 25 |
| 2 | «Балапан» ересек топ | 4 жастан бастап | 25 |
| 3 | «Құралай» ортаңғы топ | 3 жастан бастап | 25 |
| 4 | «Балдырған»кіші топ | 2 жастан бастап | 20 |
| | **Барлығы** | | **95** |

Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы жас ерекшеліктері бойынша жинақтау:

«А.Жан-Нұр» бөбекжай балабақшасы бойынша жас кезеңдері сақталған, топтарда жас ерекшеліктері бойынша жинақталған. Өлшемшарттардың 3 қосымшасына сәйкес жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалып, көшірмесі қоса берілді.

**2024-2025 оқу жылы**

| Топ атауы | Оқыту тілі | Тәрбиелену шілер саны | Тәрбиеленушілердің жастары | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2 | 3 | 4 | 5 |
| «Балапан» МАД топ | қазақша | 25 | | | | 25 |
| «Құралай» ересек топ | қазақша | 25 | | | 25 | |
| «Еркем-ай» ортаңғы топ | қазақша | 25 | | 25 | | |
| «Ботақан»кіші топ | қазақша | 25 | 25 | | | |
| **Барлығы:** | | **100** | | | | |

**2025-2026 оқу жылы**

| Топ атауы | Оқыту тілі | Тәрбиеленушілер саны | | Тәрбиеленушілердің жастары | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2 | 3 | 4 | 5 |
| «Еркем-ай» МАД топ | қазақша | 25 | | | | 25 |
| «Ботақан» ересек топ | қазақша | 25 | | | 25 | |
| «Балапан» ортаңғы топ | қазақша | 25 | | 25 | | |
| «Құралай»кіші топ | қазақша | 20 | 20 | | | |
| **Барлығы** | | **95** | | | | |

**2026-2027 оқу жылы**

| Топ атауы | Оқыту тілі | Тәрбиеленуші лер саны | | Тәрбиеленушілердің жастары | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2 | 3 | 4 | 5 |
| «Ботақан» МАД топ | қазақша | 25 | | | | 25 |
| «Балапан» ересек топ | қазақша | 25 | | | 25 | |
| «Құралай» ортаңғы топ | қазақша | 25 | | 25 | | |
| «Балдырған»кіші топ | қазақша | 20 | 20 | | | |
| **Барлығы** | | **95** | | | | |

Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы жас ерекшеліктері бойынша жинақтау.

2024-2025оқу жылында «Балапан» МАД тобында 25 бала тізімге алынған. «Құралай» ересек тобында 25 бала тізімге алынған. «Еркем-ай» ортаңғы тобында 25 бала тізімге алынған. . «Ботақан» кіші тобында 25 бала тізімге алынған.

2025-2026оқу жылында «Еркем-ай» МАД тобында 25 бала тізімге алынған. «Құралай» ересек тобында 25 бала тізімге алынған. «Ботақан» ортаңғы тобында 25 бала тізімге алынған. . «Балапан» кіші тобында 20 бала тізімге алынған.

2026-2027оқу «Ботақан» МАД тобында 25 бала тізімге алынған. «Балапан» ересек тобында 25 бала тізімге алынған. «Құралай» ортаңғы тобында 25 бала тізімге алынған. . «Балдырған» кіші тобында 20 бала тізімге алынған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31-ші тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» 10 тармақ талаптары бойынша «Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының (заңды өкілдерінің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту» бойынша ата-аналардан өтініш болмағандықтан, «Солнышко-1» бөбекжай балабақшасында 2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің жоқ екендігін хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31-ші тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» 26 тармақ талаптары бойынша «Солнышко-1» бөбекжай балабақшамызда тәрбиеленушілердің ата-аналарынан ұсыныстар болмаған соң және балабақша тарапынан ұсынған ақылы қызметтерге ата-аналар қызығушылық танытпаған соң 2024-2025, 2025-2026, 2026-2027, оқу жылдарында Мектепке дейінгі ұйымдар жұмыс күндері осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған және қамтылмаған тәрбиеленушілер үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетілмейді.

ЖШС «А.Жан-Нұр» бөбекжай бақшамызда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31-ші тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» 28 тармақ талаптарына сай, 2024-2025, 2025-2026, 2026-2027оқу жылындағы аз қамтылған және мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған 1-2 жасар балалардың жоқ екенін мәлімдейміз.

**Оқу әдістемелік жұмыс.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінді №8275 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен бекітілген білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі. Бағаланатын кезінде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса берілді.

Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған іс – әрекеттері мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес ЖШС «А.Жан-Нұр» бөбекжай – бақшасында оқу – тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативтік басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады. Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын

көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді. Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда.

**2024-2025** оқу жылында ЖШС «А.Жан-Нұр» – бөбекжай балабақшасында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2020жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы және 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 2018 жылы 30 қазандағы №595, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жыл 12 тамыздағы №499 бұйрығын және Қазақстан Республикасында«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту» туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына сүйене отырып, әр топтың оқу жоспары дайындалды.

Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің 2017 жылы 17 тамыздағы №615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдары және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлы – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып балабақшаның оқу жоспары жасалынды.

**2025– 2026 жылында** ЖШС «АЖан-Нұр» -балабақшасында Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу – білім беру қызметін:

**1)** «Білім берудің барлық деңгейінің мамлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

**2)** «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әлі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

**3)** «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары) ;

**4)** «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады;

**5)** Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан – жақты дамыту мына бағыттар бойынша ;

- физикалық қасиеттерді дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс – әрекетін дамыту;
- әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру)
2) жүзу (жүзу бассейіні болған кезде)
3) сөйлеуді дамыту;
4) көркем әдебиет;
5) сауат ашу негізлері;
6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)
7) сенсорика;
8) математика негіздері;
9) құрастыру;
10) қоршаған ортамен таныстыру;
11) Сурет салу;
12) мүсіндеу;
13) жапсыру;
14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс – әрекеттер берілді.«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс –әреeті аптасына үш рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет ,қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасынаортаңғы және ересек топта бір рет, мектепалды топта 2 рет)ұйымдастырылған іс –әрекеті қарым –қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, шығармашылық әрекет ( балаларға кітап оқып беру, кітаптарды иллюстрацияларды қарау) басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс –әрекетте емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде, оларға түрлі сұрақтар қою арқылы, балаларды көбірек сөйлетуге, бір – бірімен қарым –қатынас жасауға, олармен кез – келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және тағы да басқа дамыту әдістері ұсынылады.

Ерте жас және кіші топтағы балалар үшін сенсорика бойынша заттарды , ойыншықтарды өзбетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді.

Ортаңғы ересек топтар үшін «Математика негіздерін» күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы басқада әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, матераиалдармен эксперимент жасау, педагогтің

сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау,әңгімелесу, ойын әрекеті арқылы іске асырылады.

«Музыка» ұйымдастырылған іс – әрекеті кіші , ортаңғы топтарында аптасына бір рет, ересек және мектепалды даярлық топтарында аптасына екі рет музака жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, музыка тыңдауға, ән айтуға, әндерді жаттауға, музыка аспаптарында ойнауға күні бойы уақыт бөлінеді.«Жаратылыстану» ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің міндеттері «Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған іс – әрекетімен кіріктіріліп өткізілетін болады.

**Бақылау мен басшылық**

Оқу – тәрбиелеу жұмысын бақылау, тәрбиешілер жұмысын тікелей қадағалау мен талдау арқылы жүзеге асырылады. Бақылаудың мынандай түрлері өткізіледі: тақырыптық, салыстырмалы, ағымдағы және жан – жақты. Тақырыптық бақылау тәрбиешінің жұмыс жасау жүйесін бағдарламада көзделген қандай да бір тақырып шегінде зерттеуді көздейді. Бақылаудың нәтижелері педагогикалық кеңес, меңгеруші жанындағы кеңес, әдістемелік кеңестің талқылауында айтылады.

**2024-2025** оқу жылында ЖШС «АЖан-Нұр» бөбекжай- балабақшасында тәрбиелеу мен білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына;
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына;
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Өткен оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыруда балабақша ұжымы алдына мынадай мақсат қойды. Баланың қажеттілігін қанағаттандыру және қабілетін анықтау мақсатында, оның жеке тұлға ретінде қалыптасып дамуына қолайлы жағдайлар туғызу, заттық-кеңістік дамытушы ортаны құру

1. Денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтынының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту. Бала денсаулығын нығайту мен сауықтыру шараларының жүйесін жетілдіру.

2. Шығармашылық ойлау мәдениеті, эстетикалық талғамды дамыту. Сурет салудың дәстүрден тыс әдіс-тәсілдері арқылы балалардың шығармашылығын қалыптастыру. Отбасы мен балабақша арасындағы сенімді іскерлік байланыстарды орнату.

Алынған міндеттерді іске асыру үшін жылдық жоспар түзілді, атқарылатын іс-шаралар жоспарланды. Өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспар жасалып, перспективалық жоспарға сәйкес балалармен алдағы табысты жұмыстың мазмұнын, әдістерімен тәсілдерін таңдауға, жұмыс уақытын қолдануға нақты бағыт беретін циклограмма құрылды.

Балабақша педагогтары балаларды шаршатпай баланың ынтасын, тілегін ескеріп, бала үнін тыңдай отырып ұйымдастырылған іс-әрекеттерін дамытушы орталарда ойын түрінде өткізеді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді үнемі топ бөлмесінде ғана емес, ойын алаңдарында да жоспарланды. Ойын барысында

тәрбиешілер балалардың өз тәжірибелерін оң және теріс деп талдауға, өз эмоцияларын реттеуге үйретті, дағдыларын дамытты.

Балаларға қауіпсіз, қолайлы, қолжетімді, мазмұнды, көп атқарымды заттық-кеңістік дамытушы орта құрылды. Онда балалар өз бетінше үйренуге, ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік алса, тәрбиешілер баланың қабілеттерін бақылап, баланың қабілетіне қарай тәрбиелеуге мүмкіндік алды.

Дені сау баланы тәрбиелеу, балаларға негізгі қимыл түрлерін меңгерту, ұлттық, спорттық ойындардың элементтерімен танысу мақсатында «Арғымақ», «Әкем анам және мен» отбасылық спорт түрлері және ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Баланың ауызекі байланыстырып сөйлеуін, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, танымдық зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында озық әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып «Балапан» ересек топ тәрбиешісі Сейтова А «1 қыркүйек – білім күні » атты ертеңгілік, «Тіл мерекесі күні», тақырыбында ашық іс-әрекеттері өткізілді.

«Балдырған» ортаңғы тобында , «Тіл рухани байлық», «Менің Қазақстаным» атты ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өтілді. Ата-аналармен өзара қарым-қатынаста болу. Балабақша өмірімен таныстыру, тәрбиешілермен дұрыс қарым-қатынасты жақсарту және ата-аналарға психологиялық кеңес пен ағарту жұмыстарын жүргізу мақсатында «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында тренинг өтілді. Тренинг соңында ата-аналарға сұрақтар беріп, өзара пікіралмасу кезеңі болды. Қорытындылау кезеңінде «Тілек шамы» әдісі арқылы параққа тілектерді жазып қалдырды.

Мемлекеттік мереке күндеріне арнап «Ана тілім айбыным», «Алтын - күз!», «Тәуелсіздік тұғырым!», «Келді міне жаңа жыл», «Ардақтайық ананы!», «Қош бол балабақшам!», 1 маусым «Балаларды қорғау» күніне кең көлемде мерекелік іс-шаралар жоғары деңгейде өткізіліп, ата-аналар тарапынан алғыстар айтылды

**2025-2026** оқу жылында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларға қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени – әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез – құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) әрекеті арқылы ұйымдасыратын кіріктірілген «Ұлттық құндылықтармен негізделген тәрбие», «Тіл татулық тірегі» тақырыбында іс – әрекеті өткізіледі. Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттауға, музыкалық іс –әрекеттің басқа да түрлеріне уақыт бөлінеді.

**2025-2026** оқу жылының басында ата – бабамыздан мұра болып келе жатқан әдет – ғұрпымызды, салт – дәстүрімізді, мәдениетімізді жеткізу, ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту мақсатында «Әжемнің сиқырлы сандығындағы ертегілер» - тақырыбында шығармашылық жоба жұмысын алдық. Ұлттық мұраға құрмет білдіретін, балаларды рухани байытатын, шығармашылыққа жетелейтін ерекше тәрбиелік жоба. Жобаның басты құндылығы –әже мен немере арасындағы жылылықты сақтап, ертегілер арқылы ұрпақ жалғастығын қамтамасыз ету.

Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталауды, ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулыдық. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйреттік.

Әр топ жас ерекшеліктеріне байланысты тақырып алды. Мысалы: «Құралай» ересек тобында «Ертегім неткен, мұратына жеткен» тақырыбындағы жоба бойынша «Мақта қыз бен мысық» ертегісін балалардың өздері рөлге бөле отырып тамаша сомдап шықты. Әр бала кейіпкерлер мінезін дәл беруге тырысып, ертегінің мазмұнын шығармашылықпен көрсете білді. Олардың ойынға деген қызығушылығы, өзара келісіп әрекет етуі, бір-бірін тыңдауы бізді қатты қуантты.

«Балапан» ортанғы тобының тәрбиешісі Уразалиева Н «Шалқан» ертегісінің қойылымын қойылды. Балалар өздері образға еніп, сомдап шықты. Ата рөлін Қайрат Тәукехан апа рөлін Аширбек Нураят, қыздың рөлін Сұлтанбек Айзере, иттің рөлін Шакир Мейірхан, мысықтың рөлін Қапалбек Айзере, тышқанның рөлін Оңал Нұрбике алып шықты. Осы аталған балалардың ішінде тышқан рөлін сомдаған Оңал Нұрбике өте керемет қатысты. Кейіпкердің рөлін дәл қалпында алып шықты. Біз осы талабын байқап, Оңал Нұрбике алда жоспарға оны түрлі жобаларға қатыстырып, үлкен сахнада көруімізді жоспарға алдық.

Қаңтар айында тәрбиешілер «Түлкі мен тырна» ертегісін балалармен бірге сахналады, балаларды жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажыратуды, ненің жаман, ненің жақсы екенін ажыратуға, қонақ күту әдебін сақтау, дос туралы ұғымның мағынасын тереңінен меңгерді.

Жазғы сауықтыру жұмыстары жоспарға сәйкес, «Қарлығаш» ересек тобы маусым айында «Жазда келді көңілді» тақырыбында балалармен бірнеше жұмыстар атқарылды. Әртүрлі тапсырмалар мен ойындар арқылы балалардың қызығушылықтарын арттырылды.

Тәрбиеленушілердің таза ауада көбірек болуына, қимылды ойындар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, спорттық ойындарға, ойын-сауықтарға үлкен мән берілді. Шілде айында «Жазғы сайыстар» тақырыбында жарыстар өткізілді. Тамыз айында тәрбиеші Уразалиева Нагима «Дәндер патшалығына саяхат» бойынша «Ас атасы – нан» тақырыбында ұйымдастырылған іс-әрекетін өтті. Балаларға диханшылардың еңбегін бағалауды, дайын нан дастарханға қандай жолмен келетіні туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Балдырған» ортаңғы тобында жазғы сауықтыру кезеңінде дене жаттығуларымен айналысуға қызығушылықты, қажеттілік қалыптастырылды. Әр баланың физикалық қабілетін көрсетуіне жағдай жасалды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында балалар өздерінің қабілеттерін өте жоғары көрсетті. Піләл Зейнеп, Бақбергенқызы Айлин ,Абай Омар бұл балалар таңғы жаттығуды жасап басқа балаларға жаттығу жасауға көмектесіп отырды. «Шығармашылық» дағдысы арқылы бала қиялын, ынтасын, шығармашылығын белсендіре отырып балаларды қоршаған ортаны бақылауға үйренді. Өздері ертегі кейіпкерлерінге еніп, бейнелейтін затқа бар ынта жігерін салу керектігін түсінді.

Сурет салу кезінде өздерінің ерекше қабілеттерімен көзге түскен балалар: Тұрдыбай Тоқжан, Талипбай Тамирист, Сындар Санжар бұл балалар суретті бояу түстерін ажырата отырып боядды.

«Қоршаған әлем» бойынша табиғатты қорғауды, қолдарындағы қоқысты әр жерге тастап кетпеуге қалыптасты. Балалар судың адамға пайдасы бар екенін және сусыз жер бетінде тіршілік жоқ екенін түсінді.

## 5.Оқу –материалдық активтер

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жығы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтар мен құралдармен жабдықтардың бекітілген тізбесі сайтқа жүктелді**

| | Топтардың жасерекшелігі | Дамытушы-заттық кеңістік орта құралдары |
|---|---|---|
| 1 | **«Ботақан» МАД тобы «Балапан» ересек тобы** | **Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар:**<br>Қимылды ойындар картотекалары,үлкен және кіші доптар , құрсаулар, секірмек, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер,кегілдер, жалаушалар,сауықтыру шарасына арналған құралдар.<br>**Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер**<br>«Жыл мезгілдері», «Көлік түрлері», «Балықтар», «Дала гүлдері», «Қазақстан қалалары», «Жәндіктер», «Құстар», «Тәтті нандар» Санамақтар,Тақпақтар жинағы,Ертегі желісі бойынша фетрден жасалған кітаптар Кітап бұрышы: «Ертегілер елінде», «Түлкінің жорықтары», «Қызыл телпек», «Әтеш пен тотықұс», «Жеті лақ», «Үш көбелек»,, «Төрт түлік»,«Қаз аққулар»<br>**Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары**<br>Дидактикалық ойындар картотекалары,үлестірмелі түрлі түсті пішіндер, М.Монтессори таяқшалары,мазайка,перамидалар,муляждар,таяқшалар,қыстырғыштар ,шелектер,сырмалар,баулар,кітапшалар фетрден<br>**Шығармашылық дағдыларын ,зерттеу іс-әрекеттерін дамыту**<br>Театр түрлері: Қуыршақ театры «Шалқан», «Бауырсақ», «Үш торай», «Қызыл телпек», «Үйшік» Үстел үсті театры «Көкөністер дауы», «Жеті лақ», «Көңілді ойыншықтар» Сюжеттік рөлдік ойындар: «Құрылысшы», «Отбасы», «Асхана», «Дәріхана»,

| | | |
|---|---|---|
| | | «Дүкен», «Аспазшы» Зерттеу ойындары картотекалары, гуаш, тақтайшала,ермексаз, борлар, трафареттер, түрлі түсті қағаздар, картон қағаздар, қайшы, желімдер.<br>**Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру**<br>«Көліктер», «Жабайы жануарлар», «Әуе көліктері», «Жақсы мен жаман», «Жануарлар әлемі», «Біздің көше» «Қызықты кітап» альбомдар , глобус, рәміздердің суреттері. |
| 2 | **«Құралай» ортаңғы тобы** | **Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар:**<br>Қимылды ойындар картотекалары,үлкен және кіші доптар , құрсаулар, секірмек, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер,кегілдер, жалаушалар,суықтыру шарасына арналған құралдар.<br>**Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер**<br>Түрлі-түсті суретті альбомдар, «Жыл мезгілдері», «Көлік түрлері», «Балықтар», «Жемістер», «Жануарлар», «Жәндіктер», «Құстар». Санамақтар,Тақпақтар жинағы,Ертегі желісі бойынша фетрден жасалған кітаптар. Кітап бұрышы: «Бақа мен бұлбұл», «Әжемнің ертегілері», «Қызыл телпек», «Әтеш пен тотықұс», «Бауырсақ», «Киял-Ғажайып ертегілер», «Батыл есек», «Шалқан»,, «Төрт түлік» «Алтын сақа»,«Үш торай» ,«Алтын жұмыртқа» **Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары**<br>Дидактикалық ойындар картотекалары,үлестірмелі түрлі түсті пішіндер, М.Монтессори таяқшалары,мазайка,перамидалар,муляждар,таяқшалар,қыстырғыштар ,шелектер,сырмалар,баулар,құм терапиясы<br>**Шығармашылық дағдыларын ,зерттеу іс-әрекеттерін дамыту**<br>Театр түрлері: Қуыршақ театры «Шалқан», «Бауырсақ», «Үш торай», «Қызыл телпек», «Үйшік» Үстел үсті театры «Айболит», «Жеті лақ», «Көңілді ойыншықтар» Сюжеттік рөлдік ойындар: «Құрылысшы», «Отбасы», «Асхана», «Дәріхана», «Дүкен», «Аспазшы» Зерттеу ойындары картотекалары, гуаш, тақтайшала,ермексаз, борлар, трафареттер, түрлі түсті қағаздар, картон қағаздар, қайшы, желімдер<br>**Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру**<br>«Көліктер», «Ұлттық киімдер», «Әуе көліктері», |

| | | |
|---|---|---|
| | | «Жақсы мен жаман», «Сыңарын тап», «Сиқырлы суреттер» «Қызықты кітап» фетрдан жасалған альбомдар , рәміздердің суреттері. |
| 3 | **«Балдырған» кіші тобы** | **Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар:**<br>Қимылды ойындар картотекалары, үлкен және кіші жұмсақ доптар, құрсаулар, секіртпелер, массаж жолақтары, денсаулық жолдары, кедергілер, кеглилер, түрлі түсті жалаушалар, сақиналар, тепе-теңдікті сақтауға арналған тақтайшалар, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған құралдар, гимнастикалық таяқшалар.<br><br>**Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер:**<br>Түрлі-түсті суретті альбомдар: «Жыл мезгілдері», «Үй жануарлары», «Жабайы жануарлар», «Құстар», «Көліктер», «Жемістер мен көкөністер», «Ойыншықтар», «Ыдыстар», «Киімдер», «Отбасы». Санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жинағы, саусақ ойындары картотекалары, ертегі желісі бойынша фетрден жасалған кітаптар.<br><br>**Кітап бұрышы:**<br>«Бауырсақ», «Шалқан», «Мақта қыз бен мысық», «Үш аю», «Үш торай», «Қызыл телпек», «Түлкі мен тырна», «Қояннның үйшігі», «Жеті лақ», «Төрт түлік», балаларға арналған суретті кітаптар мен ертегілер.<br><br>**Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамытуға арналған материалдар:**<br>Дидактикалық ойындар картотекалары, түрлі түсті пішіндер, көлемді геометриялық фигуралар, Монтессори материалдары, пирамидалар, матрешкалар, мозайкалар, конструкторлар, есеп таяқшалары, муляждар, қыстырғыштар, баулар, түрлі көлемдегі ыдыстар, сенсорлық ойындар, құм терапиясына арналған құралдар.<br><br>**Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамытуға арналған құралдар:**<br>Қуыршақ театры: «Бауырсақ», «Шалқан», «Үйшік», «Үш торай», «Қызыл телпек». Үстел үсті театры: «Жеті лақ», «Мақта қыз бен мысық», «Түлкі мен тырна». Сюжеттік-рөлдік ойындар: «Отбасы», «Дәрігер», «Дүкен», «Шаштараз», «Асхана», «Құрылысшы». |

| | | |
|---|---|---|
| | | Зерттеу ойындары картотекалары, гуашь, саусақ бояулары, ермексаз, түрлі түсті қарындаштар, борлар, трафареттер, түрлі түсті қағаздар, картон, желім, қауіпсіз қайшы, табиғи материалдар.<br><br>**Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыруға арналған құралдар:**<br>«Менің отбасым», «Менің балабақшам», «Жақсы мен жаман», «Сыңарын тап», «Көңіл күйді тап», «Мамандықтар», «Ұлттық киімдер», «Көлік түрлері» тақырыптарындағы көрнекіліктер мен ойындар, фетрден жасалған дамытушы альбомдар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің суреттері, эмоциялар карталары, достық пен сыйластыққа тәрбиелейтін көрнекіліктер. |

## 6.Ақпараттық ресурстар және кітаптар қоры.

Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг қыркүйек, қаңтар, мамыр айларында жүргізілді. Жылдық жоспарға сай 5 педагогикалық кеңес өткізілді. Жоспарланған жұмыстардың жүйелілігі мен орындалуы сапасына басшылық жасау деңгейін анықтау мақсатында шолу, тақырыптық, салыстырмалы, жедел бақылау жүргізіліп, анықталған кемшіліктер бойынша жұмыстар жүргізілді. Балабақша ішілік тексерулер мен бақылауларға сүйене отырып, мониторинг нәтижесіне қарап, балалардың сөйлеу тілдерінің, сөздік қорларының байытуда, белсенді сөйлеу қорларының төмендігін ескерген жағдайда, бала тілін дамыту, дыбыстарды анық таза айтуға үйрету, байланыстырып сөйлеу, өз ойын толық сауатты жеткізуге үйрету жұмысына басымдық беру керегі айқындалып, биылғы жылға балалардың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, танымдық, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру мақсаты жоспарланды, мына міндеттер алынды.

1. Балаларға негізгі қимыл түрлерін меңгерту арқылы мәдени-гигиеналық дағдыларды, қимыл белсенділігін, ойындар, ұлттық ойындар, спорттық ойындардың элементтерін, командамен бірге әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.

2. Балалардың белсенді сөздік қорын байыту, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту.

3. Балалардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру, кітаптарды оқып беру, кітап бұрышын ұйымдастыру.

4. Баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара қарым- қатынас орнату. Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында , күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салт дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздік қорын байыту ұсынылады. Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармаларынан алынады.

**7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау:**

***1) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелерінің болуы:***Топтың мониторингі нәтижелері негізінде оқу жылына Баланың жеке даму картасы толтырылды. Баланың жеке дамыту картасында тәрбиеші кестеге дамытушы немесе түзету шараларын енгізді.

Бастапқы бақылау нәтижесіндегі шаралар (дамытушы, түзету) қазан-желтоқсан, аралық бақылау нәтижесіндегі шаралар ақпан-сәуір, қорытынды бақылау нәтижесіндегі шаралар маусым-шілде айларында жүргізіледі.

Қорытындыға Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген күтілетін нәтижелерге сәйкес баланың даму деңгейін жазды.

Жеке картаны жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен ( дене тәрбие нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп топ тәрбиешісі толтырды.

**2024-2025 оқу жылында**, Физикалық қасиеттерді дамыту,Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту,шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту,әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруортаңғы, ересек, мектепалды топтарында қыркүйек айында бастапқы диагностиканың нәтижелері бойынша Жеке даму картасы толтырылған , бастапқы , аралық бақылаулардан кейінгі түзету іс – шаралары циклограммада жүргізілген. Жеке даму карталарының көшірмесі ресми интернет-ресурста орналастырылды.

**2025-2026 оқу жылында** Физикалық қасиеттерді дамыту,коммуникативтік дағдыларды дамыту,танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту,әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша кіші,ортаңғы,ересек ,мектепалды топтарының қыркүйек айында

бастапқы диагностиканың нәтижелері бойынша Жеке даму картасы толтырылған , бастапқы , аралық бақылаулардан кейінгі түзету іс – шаралары циклограммада жүргізілген. Жеке даму карталарының көшірмесі ресми интернет-ресурста орналастырылды.

**2026-2027 оқу жылында** Физикалық қасиеттерді дамыту,коммуникативтік дағдыларды дамыту,танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту,әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша кіші,ортаңғы,ересек ,мектепалды топтарының қыркүйек айында бастапқы диагностиканың нәтижелері бойынша Жеке даму картасы толтырылады , бастапқы , аралық бақылаулардан кейінгі түзету іс – шаралары циклограммада жүргізіледі.

**2) тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерінің болуы және талдауы:**Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілді (бастапқы қыркүйекте аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында).

Мониторингтің мақсаты:

- баланың жетістіктерін қадағалау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- Баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту деңгейлерін қадағалау баланың жасына сәйкес жетістіктерінің мониторингі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізубойынша әдістемелікұсынымынасүйеніпжасалынды.Стандартталаптарыбаладамуыны ң3деңгейіболуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

Осы диагностика негізінде тәрбиеші мамандар үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейі анықтады. Бастапқы бақылау қыркүйек айында жүргізілсе, аралық бақылауқаңтар,қортынды бақылау мамырайында жүргізілді.

2024-2025,2025-2026 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы бақылау нәтижелері бойынша материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған(тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталары) көшірмелері электронды нұсқада

2025-2026оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы бақылау нәтижелері бойынша материалдары электронды және қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың

нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған(тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталары) көшірмелері электронды нұсқада.

## 8.Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы

Балабақшада ата-аналар жұмысы мына төмендегідей бағытта жүзеге асады:

-Ұйымдастырушылық (ата-аналарды балабақшаның оқу-тәрбие процесіне тарту; педагогикалық кеңестің, ата-аналар комитетінің және басқа да ата-аналар бірлестіктерінің жұмысына қатысу, қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттесуі);

-Ақпараттық-ағартушылық (ата-аналарға балабақша туралы ақпарат пен балабақшаның қызметін реттейтін құжаттаманы беру; ата-аналар тобымен жұмысты ұйымдастыру; жеке педагогикалық көмек; )

-Ұйымдастырушылық –педагогикалық (ата-аналарды балалармен және тәрбиешілермен бірлескен іс-шараға тарту, бос уақытта, сауықтыру шараларына қатысу, балабақшаға көмек көрсету);

-Ата-аналардың әлеуметтік карталарын әзірлеу т.б.

2025-2026 оқу жылында ата-аналардың білім мазмұнына белсенді араласу, қатысу, талдау жұмыстарына тарту мақсатында ата-аналардан сауалнама алынды. Алынған нәтижелерге зерттеу жүргізілді. Мақсаты: оқу-тәрбие процесінің сапасын бағалауды анықтау, балабақшаға келіп жүрген балалардың дайындық деңгейіне ата-аналардың қанағаттануын анықтау. Алынған мәліметтерді талдау мынаны көрсетті:

қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау:

### Кемшіліктер мен ескертулер:

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жандүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді. Осы талаптарды орындауда педагогтарымыздың АКТ еркін меңгеру мәселесі туындап отыр. Бұл мәселені шешуде алдағы уақытта жоспарлы түрде жұмыстар жүргізіледі. Мектепке дейінгі мекемеде озат педагогикалық тәжірибе — педагогтың шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі екенін ескерсек, балабақшамызда озық тәжірибені пайдалану, дамып келеді. Педагогтар іс-тәжірибеде қолданғанымен, оны жинақтау, тарату, жалпылау бойынша

қиналып жатады. Осы мәселені шешуде педагогтарды озық педагогиканы жинауда алдағы уақытта әдістемелік кеңестер, шеберлік сыныптар өтуді жоспарға енгіздік.

**ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ**

«А.Жан-Нұр» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өзіндік бағалау 2026 жылы қыркүйек айының 22-25 аралығында өтті.

**ҚОРЫТЫНДЫСЫ:**

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен оқыту жұмысы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдесіндегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 5-1тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына,

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйегі № 412 бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы бұйрығына сәйкес,Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына , Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, «Балаларды ерте дамыту институтының» 2022 жылғы 23 қарашадағы ұсынылған Әдістемелік нұсқаулығына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бағдарламасымен жұмыс жасайды.

1. Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық ұжым оқыту- тәрбиелеу жұмыстарының озық үлгідегі жаңалықтарымен тәжірибе алмасып, сапасына баса назар аударады.
2. Мектепке дейінгі ұйымда көңіл- күй мен балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді.
3. Мектепке дейінгі ұйымда жоғары деңгейдегі ұлттық сана сезімді рухани мұраларға және ұлттық мәдениетке деген құндылықтарды, ұлттық намыс сезімдерін қалыптастыруға жұмыстар жасалады.

**Комиссия төрайымы:**
**«А.Жан-Нұр» бөбекжай бақшасының меңгерушісі: А.Абдуллаева**
**Мүшелері:Әдіскер: А.Усенова**
**Тәрбиешілер: Уразалиева Н**
**Мамаханова Г**
**Сахова З**

**ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ**

«А.Жан-Нұр» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өзіндік бағалау 2026 жылы қыркүйек айының 21-25 аралығында өтті.

**ҚОРЫТЫНДЫСЫ:**

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен оқыту жұмысы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдесіндегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 5-1тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына,

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйегі № 412 бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы бұйрығына сәйкес,Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына , Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, «Балаларды ерте дамыту институтының» 2022 жылғы 23 қарашадағы ұсынылған Әдістемелік нұсқаулығына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бағдарламасымен жұмыс жасайды.

1. Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық ұжым оқыту- тәрбиелеу жұмыстарының озық үлгідегі жаңалықтарымен тәжірибе алмасып, сапасына баса назар аударады.
2. Мектепке дейінгі ұйымда көңіл- күй мен балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді.
3. Мектепке дейінгі ұйымда жоғары деңгейдегі ұлттық сана сезімді рухани мұраларға және ұлттық мәдениетке деген құндылықтарды, ұлттық намыс сезімдерін қалыптастыруға жұмыстар жасалады.

**Комиссия төрайымы:**
**«А.Жан-Нұр» бөбекжай бақшасының меңгерушісі:** **А.Абдуллаева**
**Мүшелері:Әдіскер:** **А.Усенова**
**Тәрбиешілер:** **Уразалиева Н**
**Мамаханова Г**
**Сахова З**

**Балабақша мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сай екендігін көрсетті.**

**Өзін-өзі бағалау нәтижесінде келесі ұсыныстар енгізіледі**:

«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің дамыту моделін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2021жылғы 15 наурызындағы №137 қаулысында көрсетілген дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестері тәсілдерін кеңінен ұйымдастыру :

1. Педагогтарға тәрбиеленушілердің бағалау көрсеткішін дұрыс сараптауға кеңестер өткізу;
2. Іс-әрекет барысын ұйымдастыруда педагогтар жаңа техналогияларды пайдалану арқылы, баланың дамуына тың мүмкіндіктер жасау.
3. Көркемдік шығармашылық конкурстар мен байқауға қатысуды ұйымдастыру, тәрбиеленушілер арасынан сараптама жүргізіп жоспар жасау.
4. «АЖан-Нұр» бөбекжай балабақшасы білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді және «жақсы »деп бағаланады.

**Комиссия төрайымы**:
**«А.Жан-Нұр» бөбекжай бақшасының меңгерушісі:** **А.Абдуллаева**
**Мүшелері:Әдіскер:** **А.Усенова**
**Тәрбиешілер:** **Уразалиева Н**
**Мамаханова Г**
**Сахова З**